

13 дәріс. Азия елдері музейлері. Қытай, Жапония, Корея музейлері

Мақсаты: студенттерге Азия елдері музейлерінің тарихы, олардың әлем мәдениетіндегі алатын орны туралы оқытып үйрету болып табылады.

Дәрістің жоспары:

1. Токио музейлері. Ұлттық батыс өнері музейі. Ұлттық музей. Ұлттық табиғат және ғылым музейі
2. Киото. Ұлттық музейі
3. Қытай. Пекин. Гугун музейі
4. Үндістан. Нью-Делидегі Ұлттық музей

Кілт сөздер: Токио, Киото, музеология, музейтану, көркемсурет, галерея, ЮНЕСКО, ICOM

Токио. Ұлттық батыс өнері музейі. Жапонияның Токио қаласында орналасқан Ұлттық батыс өнері музейі 1959 жылы ашылған, еуропалық мүсіндер, суреттер мен графюралардың ірі коллекциясын экспозициялайды. Ғимараты француз архитекторы Ле Корбюзье жобасымен салынған. Атақты көне шеберлер (Паоло Веронез, Питер Пауль Рубенс, Якоб Ван Рейсдал т.б.), XIX ғ. суретшілері (Эжен Делакруа, Гюстав Курбе, Эдуард Мане, Пьер-Огюст Ренуар, Клод Моне, Гюстав Моро, Винсент Ван Гог т.б.), XX ғ. суретшілері (Пабло Пикассо, Хуан Миро, Джексон Поллок т.б.), XVIII-XIX ғасырлардағы француз суретшілері (Франсуа Буше, Поль Сезанн т.б.), гравюралар (Альбрехт Дюрер, Рембрандт, Джованни Баттиста Пиранези, Франсиско де Гой, т.б.) экспозицияланған. Мүсіндер коллекциясы қатарында Огюст Роденнің 58 мүсіні қойылған.

Токио. Ұлттық музей – Жапониядағы ең көне әрі ірі музей, қалалық Уэно паркі территориясында орналасқан, ірі мәдени орталық. Музей Бас, Шығыс, Церемониальдық, Хэйсэй, Хорю-дзи храмдарының қазынасы деп аталатын бес корпустан тұрады.

Музейдің Бас корпусы көрме галереясы негізінде архитектор Дзон Ватанабэ жобасы бойынша 1938 жылы салынған. Корпус залдарында көркемсурет және қолданбалы өнер туындылары, тарихи және этнографиялық материалдар, ежелгі дәуірден қазіргі заманға дейінгі жапон мәдени құндылықтары қойылған.

Церемониальдық корпусы 1909 жылы ашылған. Ғимарат архитектор Такума Катаяманың жобасымен салынған Мэйдзи дәуірінің (1867-1912) батыс стиліндегі сәулет ескерткіші. Бұл корпуста музейдің ғылыми-ағарту орталықтары орналасқан, ғылыми семинарлар өтеді.

Шығыс корпусы архитектор Ёсиро Танигути жобасымен салынған, 1968 жылы ашылған. Мұнда Шығыс елдерінің археологиялық, тарихи-мәдени мұралары қойылған. Экспозиция мазмұны Жапония мемлекетінің басқа Шығыс елдерімен тарихи дәуірлердегі мәдени-экономикалық байланысын сипаттайды.

Хэйсэй және Хою-дзи храмы қазыналары корпусы 1999 жылы ашылған. Музей тарихы Юсима-сэйдо храмының Тайсэйдэн ғимаратында 1872 жылы

ашылған 600-ден астам экспонат қойылған көрмеден басталады. Музейде император отбасына тиесілі заттар, флора, фауна, пайдалы қазбалар, жануарлар тұлыптары, табиғат ескерткіштері, өсімдіктер коллекциясы қойылған. Қазіргі таңда музей қоры 120000-нан аса бірлікті қамтиды. Олардың қатарында қолданбалы өнер туындылары, каллиграфия, мүсін, темір бұйымдар, қару-жарақтар, лакталған бұйымдар, маталар, археологиялық табылымдар, тарихи, этнографиялық материалдар, сәулет өнері ескерткіштері макеттері қойылған.

Токио. Ұлттық табиғат және ғылым музейі – Уэно паркінің солтүстік-шығыс бөлігінде орналасқан, жердегі тірі организмдер эволюциясы, экожүйе, тарихи білімдер тарихы, қазіргі заманғы технологиялар экспозицияланған мекеме. Музей көпшілік үшін 1871 жылы ашылған. Әр кезеңде музей аттары өзгеріп отырған, Білім беру министрлігі музейі, Токио музейі, Токио ғылым музейі, Ұлттық ғылым музейі, 2007 жылдан – Ұлттық табиғат пен ғылым музейі. 1990-2000 жылдары музей модернизацияланған, 1999 жылы Глобальды (бүкіл жер шарын қамтитын) галерея, 2006 жылы Театр-360 өз жұмысын бастаған, 2008 жылы музейдің Бас ғимараты Жапон галереясы ретінде қайта құрылып, Ұлттық мәдени құндылық орталығы статусын алған.

Глобальды галерея жер шарының барлық контингентін қамтиды, «Табиғат әлемі», «Жердегі тіршілік эволюциясы», «Динозаврлар құпиясы», «Түр-түстер», «Ғылым мен технология үдерісі», «Жануарлар» атты 6 қабаттан тұратын бөлімдерге бөлінеді. Ғимараттың шатырында 160-тан астам өсімдік түрін көрсететін бақ орналасқан, баққа кірген әр адамға автоматты түрде ашылатын қолшатырлар көлеңке түсіреді. Жапон галереясы ғимараты неоренессанс стилінде, аэроплан формасында 1930 жылы салынған. Галереяда «Жапон архипелагының қалыптасуы және оның геологиясы. Ежелгі қабаттар. Мұз басу дәуірі», «Жапон аралдарының табиғат зоналары. Теңіз жағалауы. Геологиялық белсенділік. Минералдар және метеориттер», «Жапонияның жануарлар әлемі», «Жапон архипелагын адамдардың қоныстануы. Ежелгі дәуір: Палеолит. Дземен, Яёй. Қазіргі адамның қалыптасуы. Жапон мәдениетіндегі күршістің рөлі» атты бөлімдер қамтылған.

Театр-360 - жан-жақты дыбысталу мен бейне көрсететін [3D-кинотеатр](#) терінде көпшілік үшін 2006 жылы 21 желтоқсанда ашылған. Театр-360 алғаш рет «Жер бөлмесі» деген атпен Экспо-2005 көрмесінде Жапонияда көрсетілген. Театр шартты түрде Жер шарының бір млн. диаметрі ретінде жасалған, музей мазмұнына сай фильмдер көрсетуге негізделген.

Киото. Ұлттық музейі 1897 жылы ашылған. Музей ғимаратын салу 1889 жылы Токио императорлық музейі (қазіргі Токио ұлттық музейі), Нара императорлық музейі (Нара ұлттық музейі) ғимараттарын салумен қатар жүрген. Музей жанында Бас көрме залы, Жаңа көрме залы жұмыс жасайды. Музей қорында 12000-нан асатын бірлік бар. Көптеген экспонаттар императорлық сарайлардан, көне ғибадатханалардан келіп түскен. Фотосуреттердің, өнер мен мәдениет құндылықтардың бай коллекциясы сақталған. 1969 жылы музей ғимараты мемлекеттің маңызды тарихи-мәдени нысаны ретінде танылған.

Қытай. Пекин. Гугун музейі – 1918 жылы Қытай мемлекеттік музейі негізінде құрылған, 1925 жылы Қытай үкіметі оны Гугун музейі етіп қайта құрып, көпшілік үшін ашқан. Музей ғимараты ортағасырлық қытай сәулет өнерінің бірегей ескерткіші, ал 1420 жылы Пекин қаласындағы Тянаньмэнь алаңының солтүстік жағына салынған Мин және Цин әулеті императорларының сарайы болған. Аумағы 723 600 м², айналасы биіктігі 10 метрлік дуалмен қоршалған. 1912 жылы Қытайда патшалық билік жойылып, республика жарияланған соң сарайдың бір бөлігінде ескі тарихи-мәдени мұралар көрмеге қойыла бастады. Музей қорындағы экспонаттардың жалпы саны 1100000-нан асады. Музейде сирек кездесетін тарихи, әдеби, діни қолжазбалар мен ксилографиялық кітаптардың 500000-нан астам данасы сақтаулы. Олардың ішінде қытай жазуынан басқа шүршіт (маньчжур), моңғол, тибет, ұйғыр, түрік-шағатай жазуындағы кітаптар мен қолжазбалар да мол. 1948 жылы Гомиьндан үкіметі Гугун музейінен әртүрлі мұралар мен сирек кездесетін қолжазба кітаптардың 230000-нан астам данасын Тайваньға көшірген, соның негізінде 1965 жылы Тайвань – Гугун музейі ашылған.

Үндістан. Нью-Делидегі Ұлттық музей ежелгі дәуірден соңғы ортағасырға дейінгі археологиялық қазба заттарын, тарихи артефактілер, өнер туындыларын сақтайды. Музей Ежелгі Үндістан коллекциясымен қатар Орталық Азия, Колумбқа дейінгі Америка өнерін де экспозициялайды. Музей негізін 12 мамыр 1955 жылы Үндістан премьер-министрі Джавахарлар Неру қалаған. Музей қоры 1947 жылы Лондонға Король Академиясы көрмесіне жіберілген экспонаттар негізінде қалыптасқан. Музей қазіргі ғимаратына 1960 жылы көшкен. Музей экспозициясына 150000 бірлік шығарылған. Музей галереясы хронологиялық тәртіппен орналасқан.

Инд өркениеті галереясында Мохенджо Даро (қорымдар жазығы), Хараппа (Хараппа мәдениеті), Чанху Даро қалалары, Инд жазығы ежелгі өркениет бұйымдары, Банердж, Рай Бахадур Дайя Рам Сахни, одан кейін сэр Джон Маршал басшылық жасаған Үндістанның «Археологиялық табылымдар ұйымы» жүргізген археологиялық қазба жұмыстары кезінде табылған заттар қойылған. Инд өркениеті б.э.д. 2500-1500 жылдарға саяды. 400-дей қала болған, соның ішінде Пенджабтағы Рупар, Гуджараттағы Катхиавар ауданындағы Лотхал, т.б. қалалардың қазыналары экспозицияланған. Галереядағы ежелгі қыш-құмыра өнерінің даму тарихын баяндайтын экспозиция құрылымы өте ерекше әрі күрделі жасалған. Хараппа мәдениетінің көркемсурет өнері сол кезеңнің тұрмыс тіршілігін, табиғат зонасын, жан-жануарлар әлемін мазмұндайды. Зергерлік өнер галереясында Хараппа мәдениетінің әшекейлері қойылған. «Биші» қола мүсіні, «Арбадағы піл», «Күйме» мүсіндері көне шеберлер туындыларының озық үлгілері.

Маур, Сануг және Сатавахан дәуірі галереясында осы дәуірдің мүсіндері, Амаравати мүсіндері, Будда ескерткіштері экспозицияланған.

Гандхар және Матхур өнері бөлімінде субконтиненттің солтүстік-батысы, қазіргі Пәкістан, Ауғанстан жерлерінен табылған мүсіндер, б.э.д. III ғасырда Александр Македонскийдің жаулауы әсерінен грек-рим дәуірі өнерінің ықпалы көрінетін өнер туындылары қойылған. Бұл жер сол кезеңде

Гандхара деп аталған. Гандхара мәдениеті атауы осымен байланысты. Бұл жерде Азияның буддист ғалымдары бас қосқан Таксил университеті жұмыс жасаған. Экспозициядағы Будда фигуралары классикалық гандхар стилінде құйылған. Уттар Прадештегі Матхур мүсіндері б.э. бас кезіне саяды, олардың қатарында Ашок ағашы бұтағын ұстаған әйел мүсіні, сарқырамаға шомылып жатқан әйелді бейнелеген «Шана Сундари» мүсіні бар.

Гуптар дәуірінің өнері бөлімінде III-VI ғасырлардағы үнді өнері ескерткіштері, Сарнатх будда, Вишна мүсіндері, Ганга, Ямун ескерткіштері, «Рамайна» эпикалық поэмасының кейіпкерлері, мифологиялық бейнелер қойылған. Сондай-ақ сол дәуірдің сәулет өнері ескерткіштері, ғибадатханалар салу ісінің тарихы бейнеленген.

Ортағасыр мүсіндері галереясында VII-XVII ғасырлар мүсіндері сол кезеңнің тарихымен, қала мәдениетімен, сәулет өнері тарихы мазмұнымен берілген. Бихар, Бенгали, Махабалипурам, Канчипурам, Карнатак өңірі ескерткіштері, Бадам, Айхол, Паттадакал өнер мектептері туындылары, Хойсала дәуірі мүсіндері, атап айтқанда, «Калья Кришна», «Музыканттар», «Мохини», «Лакшми және Нарайяна» мүсіндері өте қызықты экспозицияланған.

Үнді қоласы галереясында Инд өркениетінен бастап соңғы орта ғасырға дейінгі тұрмыстық, шаруашылық бұйымдар, буддизм, индуизм діни ескерткіштері, құдайлар мүсіндері қойылған.

Көркемсуреттер мен манускриптер галереясы бейнелеу өнерінің дамуы мен қалыптасуын баяндайды. «Будда Махапаринирванасы» (Бенгалия, Пала, б.э. 1000 ж.), «Манду Кальпасутра» (1439 ж., Манду, Орталық Үндістан), «Астасахасрика Праджнапарамита» (1350 ж., Непал) - манускрип өнерінің ерекше туындылары. Каллиграфия ескерткіштері қатарында IX ғасырда араб тілінде жазылған Құран бар. Ислам жазба ескерткіштері қатарында «Джахангирнама» (XVII ғ.), «Бабурнама» (1598 ж.), «Тутинаме» (1580 ж.), «Бустан» (1500-1502) сақталған. Моғолдар дәуірінің, Кангра, Басол және Пахар мектептерінің көркемсурет ескерткіштері де ерекше экспозицияланған.

Орталық Азия антикварлары бөлімі Қытай, Ресей, Иран, Ирак, Үндістан, Орта Азияны қамтыған Ұлы Жібек жолы сауда жолы арқылы жеткен бұйымдарды, тоқыма бұйымдарды, алтын жіптермен кестеленген, зерлермен оқаланған, тастармен әшекейлеген киім-кешектерді, жібек киімдерді, Қытай өнері мен мәдениеті ескерткіштерін, түрлі фигураларды қамтиды.

Сұрақтар:

1. Жапониядағы ірі музейлер.
2. Гугун музейіндегі құндылықтар.
3. Үндістан музейлерінің ерекшелігі.

Әдебиеттер:

1. Дмитриева Н.А. Краткая история искусств. Очерки. – М.: Искусство, 1988.
2. www.kahaku.go.jp - Токио. Ұлттық табиғат және ғылым музейі.
3. www.tnm.jp - Токио. Ұлттық музей.
4. www.kyohaku.go.jp - Киото. Ұлттық музейі.